



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02
ББК 74.00
И 63

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Куанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: И 63 А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

ӘОЖ 528.942

ЖОБАЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН ДАМУ

Қара Әсел Бейсенбайқызы
магистр, аға оқытушы
Дуйсекова Асель Аманжоловна
магистр, аға оқытушы
Ы.Алтынсарин атындағы АрқПИ
Арқалық қаласы, Қазақстан
E-mail: asel_kara@mail.ru

Аңдатпа

Бұл мақаланың мазмұнында «таным», «белсенділік», «танымдық белсенділік» ұғымдары қарастырылды. Жобалау технологиясы арқылы оқушылардың танымдық белсенділігін дамыту мәселелері талданды. Сондай-ақ, оқушылардың танымдық белсенділігін дамытуда жобалау технологиясының тиімділігі айқындалды.

Түйінді сөздер: таным, белсенділік, танымдық белсенділік, жоба, жобалау.

Аннотация

В данной статье рассмотрены содержания понятий «познание», «деятельность», «познавательная деятельность». Проанализированы проблемы развития познавательной активности учащихся через технологию проектирования. Также определена эффективность технологии проектирования в развитии познавательной активности учащихся.

Ключевые слова: познание, активность, познавательная активность, проект, проектирование.

Abstract

In this article the contents of the concepts «cognition», «activity», «cognitive activity» are considered. The problems of the development of cognitive activity of students through design technologies are analyzed. The effectiveness of the design technology in the development of cognitive activity of students is also determined.

Key words: cognition, activity, cognitive activity, project, designing.

XXI ғасырда оқытудың тиімділігі оқу үрдісінде бастауыш сынып оқушысының танымдық белсенділік деңгейіне тікелей байланысты екендігі айқын бола бастады. Осы орайда, Т.Д.Марцинковскаяның ең алдымен «белсенділік» терминін қарастырып, содан кейін «танымдық белсенділік» ұғымын нақтылауға жүгіну керек дегенін қолдаймыз. «Белсенділік» ұғымы психологиялық-педагогикалық теория мен практикада кеңінен қолданылғанымен, зерттеушілер түрліше анықтама береді. Бірі белсенділікті іс-әрекеттің нәтижесі деп санайды, ал кейбірі белсенділікті іс-әрекетпен анықтайды, ал басқалары белсенділік іс-әрекетке қарағанда кеңірек ұғым деп санайды.

Орыс тілі сөздігінде белсенділігінің іс-әрекет, жігерлі, дамып келе жатқан деген мағыналары бар [1, б. 115]. Әдебиетте және күнделікті сөйлеуде «белсенділік» ұғымы көбінесе «іс-әрекет» ұғымының синонимі ретінде қолданылады. Дәстүрлі түрде физиологиялық мағынада «белсенділік» ұғымы тірі заттардың жалпы сипаттамасы ретінде қарастырылады. Тіршілік иелерінде белсенділік дамудың эволюциялық процестеріне сәйкес өзгереді. Жеке тұлғаның маңызды сапасы ретінде адамның белсенділігі қоршаған шындықты өз қажеттіліктеріне, көзқарастарына, мақсаттарына сәйкес өзгерту мүмкіндігі ретінде ерекше мәнге ие болады.

А.Н.Леонтьев атап өткендей, белсенділік – тіршілік иелерінің сыртқы және ішкі ынталандыру – тітіркену әсерінен өздігінен қозғалыс жасап, өзгеру қабілетін көрсететін ұғым [2, б. 135].

Психолог Н.Н.Поддъяков «Балалар іс-әрекетінің екі түрі бар: баланың өзіндік белсенділігі және ересектер ынталандыратын белсенділігі» дейді [2, б. 137].

Белсенділікті анықтау нұсқаларын зерттей отырып, енді танымдық белсенділік ұғымын қарастырып жөн. «Танымдық белсенділік» категориясы «ойлау әрекеті», «шығармашылық белсенділік», «танымдық өзінділігі» категорияларымен астарласып жатады. «Танымдық белсенділік» түсінігін жете түсіну үшін танымдық және ойлау әрекеттерінің айырмашылығын ашып алу керек.

М.Н.Скаткиннің ойынша олардың айырмашылығы мынада: танымдық белсенділікте тек ойлау әрекеті емес, бақылау, ес, ерлік процестері де орын алып, онда адамның қоршаған ортаға көзқарасы айқындалады. Ойшыл ешнәрсені танымауы мүмкін, ал тану ойлаусыз мүмкін емес [2, б. 213].

Танымдық белсенділік ертеде пайда болды және бүгінгі күні ол оқушылардың жеке басының негізгі маңызды қасиеттерінің бірі болып табылады. Өйткені, бастауыш сыныпта оқушылар оқытудың «дәмін» оның барлық көріністерінен сезіне алады. Ал, оқушының танымдық іс-әрекеті дамып, жақсара ма, ол бастауыш сынып мұғаліміне байланысты. Оқыту үрдісінде танымдық белсенділік үлкен рөл атқарады, өйткені оқушы өзінің танымдық белсенділігін көрсеткенде, оқу үрдісі тезірек және тиімдірек

болады. Танымдық белсенділік дегеніміз – оқушының оқуға, білімге деген ынта–ықыласының, қызығушылығының, құштарлығының ерекше көрінісі.

Таным – ол адамға бірден келмейді, ол өмір көріністерін топшылау, салыстыру, тәжірибе жинақтау, оны қорыту арқылы терең де тиянақты білім негізінде пайда болады. Танымдық іс–әрекетте баланың ақыл–ойын өсіру үшін олардың елестетулерін дамытуға көбірек зер салу керек. Егер бала ойын, оқу әрекеттері арқылы айналасындағы дүниемен тығыз байланыста болса, заттарды қабылдауға әрекет етсе, оның танымы артады.

Оқушылардың танымдық белсенділігін дамытуда әртүрлі әдістер қолданылуда. Осындай жаңа технологиялардың бірі – жобалап оқыту технологиясы. Жобалау – «project» деген латын сөзі. Бұл сөз «жоспарлау, дайындау» сияқты мағынаны немесе жоспардың жүзеге асырылуын білдіреді.

Жобалау технологиясы ХІХ ғасырдың ІІ жартысында АҚШ ауылшаруашылығы мектептерінде пайда болған. Оның негізін қалаған психолог, педагог, философ Джон Дьюи. Д.Дьюидің ілімін жалғастырушы профессор Уильям Херд Килпатриктің ойынша, оқушыларды өз жұмысының жемісін көруге ынталандыру арқылы үлкен өмірге дайындау – бұл технологияның негізі.

Сонымен қатар танымдық прагматизм философиясының өкілі Дьюи жобалық жұмыстың ғылыми және саяси концепциясының іргетасын қаласа, оның әріптесі У.Х.Килпатрик жобалау әдісін ауқымды мағынасына қарай тәрбиеге қатысты философия ретінде бағалады. Осыған байланысты У.Х.Килпатрик жобаны «әлеуметтік ортада өткізілетін жүректен шыққан мақсатты әрекет» ретінде қарастырады [3, б. 111].

Рейхвейн (1951) теория мен тәжірибенің байланысын жоба десе, Б.Отто жалпы сабақтардың концепциясында басты рөлді сұхбат алады дегенді айтады. Кершенштайнер (1968) еңбек мектебінен жобалау идеяларын немесе осы бағытта дамуды байқауға болатынын тұжырымдады [3, б. 115].

1965 жылдан бері қарай жобалау әдісі халықаралық деңгейде қолданыла бастады. Бұл әдіске қайта оралудың басты себебін ғалымдар «мәселені оның дамуында қарастыруға мүмкіндік беретіндігімен» байланыстырады, яғни білім алушылар нақты мәселені шешу үшін әрекет үстінде бірнеше рет теорияға үңіледі, соның нәтижесінде өз ісінің қалай орындалғанын бағалай алады, өз қолдарымен жасалған іс оларға қанағаттанарлық, өзіне сенімділік әкеледі. Ғалымдар бұл технологияның осы артықшылықтарына үлкен мән берген. В.Килпатриктің ойынша, оқу әрекеттері оқытушының қатысуын–сыз орындауы тиіс. Сонда оқушы өз әрекетінің нәтижесін көріп, өзінің қабілетін бағалай алады десе, ал Д.Дьюи оқушының әрекеті мұғаліммен бірлескен әрекет болуын талап етті. Өйткені оқушының әрекетті аяғына дейін орындауына толық білімі жетпеуі мүмкін, ол үшін мұғалім әрекетті орындаудың алдында оқушының барлық ойлау әрекеті сатысынан өтуін қамтамасыз етуі тиіс деген пікір айтады [3, б. 123].

Жоба әдісі жобалық әрекеттің маңызды құрамдас бөлігі ретінде Джон Дьюи жасаған философия мен білім берудегі гуманистік бағыт идеяларымен байланысты, ол оқушының жеке мүдделеріне сәйкес тиісті іс–әрекеті арқылы белсенді негізде оқытуды ұсынды.

Жобалау әрекеті көптеген ұғымдарды қамтиды: жоба, жоба әдісі, жоба құрылымы, жобалау, жобалау технологиясы, жобалық әрекет технологиясы, жобалық педагогикалық технология, болжау, құрастыру, модельдеу, зерттеу, жоспарлау; рефлексия; жобаның тиімділігін бағалау рәсімдері және т.б.

Жоба – «алға лақтырылған тас» – дербес және ұжымдық шығармашылық аяқталған жұмыс немесе ересектер арнайы ұйымдастырған және оқушылар орындаған, әлеуметтік мәні бар нәтижесі бар, шығармашылық жұмыстарды жасаумен аяқталатын іс–шаралар кешені.

Жобада білімнің әртүрлі салаларынан білім мазмұнын біріктіруге болады, бұл оқушылардың, педагогтардың және ата–аналардың бірлескен танымдық–іздістіру әрекетін ұйымдастыруда үлкен мүмкіндіктер ашады.

Қазіргі заманғы мектептегі білім берудің негізгі міндеттері бар – бұл, ең алдымен, оқуда бастамашылық пен белсенді дербестікті қалыптастыру, сондай–ақ жалпы білім беру біліктері мен дағдыларын қалыптастыру (зерттеу, рефлексиялық, өзін–өзі бағалау).

Жобалық оқыту арқылы жоғарыда аталған міндеттерді жүзеге асыруға болады. Оқытудағы жоба, ең алдымен, белгілі бір нәтижеге жету жолдарын іздеуді көздейтін мәселе. Бұл оқушыларға сабақтарда білім, білік, дағдыларын дәстүрлі деңгейде емес, іздену деңгейінде қолдануға көмектесетін, оқушылардың шығармашылық дамуына ықпал ететін әдіс.

Сабақта жоба әдісін қолданған кезде мұғалім мен оқушының іс–әрекетінің құрылымы келесідей: оқушының өзі іс–әрекеттің мақсатын қояды, мұғалім көмекші рөлін атқарады, егер оқушыға қиын болса, іс–әрекеттің мақсатын қоюға көмектеседі, бірақ ешқандай жағдайда мақсатты өзі анықтамайды. Іс–әрекет барысында оқушы өзіне жаңа білім ашады, ал мұғалім оқушы нақты ақпарат ала алатын дереккөздерді ұсынады. Оқушы эксперимент жасаудан, қателесуден және қателіктерін түзету үшін және болашақта алдын–алу үшін бәрін жасаудан қорықпайды. Оқушы жұмыс барысында мәселені шешудің жолдарын өзі таңдайды, ол бастамашыл тұлғаны тәрбиелеуге ықпал ететін оқыту субъектісі ретінде әрекет етеді. Мұғалім жұмыс нәтижесін бағалауға, кемшіліктер мен артықшылықтарды анықтауға көмектеседі.

Бастауыш мектептегі жоба әдісі бірқатар ерекше белгілері бар педагогикалық үрдісті ұйымдастырудың тәсілі ретінде қарастырылады:

– қойылған мақсатқа қол жеткізу және бірлескен іс–әрекет өнімін алу бойынша біртіндеп күрделене түсетін практикалық тапсырмаларды жоспарлау және кезең–кезеңмен орындау үрдісінде педагогтің, тәрбиеленушілердің және олардың ата–аналарының іс–әрекетін болжайды;

– білім беру үрдісінің әртүрлі тараптарының бірлігі мен сабақтастығын, білім, білік және дағдылардың пәнаралық интеграциясын қамтамасыз етеді;

– оқушылардың жоғары дербестік деңгейін, бастамашылдығын және олардың танымдық ынтасын, оқушылардың зерттеу–шығармашылық іс–әрекет тәжірибесін қарастырады;

– шығармашылық белсенділікті, ойлауды, жағдайды талдауға бейімділікті дамыту, проблеманы шешу міндеттері мен дағдыларын қалыптастыру, мақсаттылық, тапқырлық, табандылық сияқты жеке қасиеттерді тәрбиелеу құралы ретінде қызмет етеді;

– оқушыларда жұмыс кеңістігі мен уақытын ұйымдастыру және пайдалану дағдыларын, өз мүмкіндіктерін бағалау, өз мүдделерін түсіну және саналы таңдау жасау дағдыларын қалыптастыруды қамтиды;

– топтық өзара іс–әрекет үрдісінде оқушылардың әлеуметтік дағдыларын дамытуға бағытталады.

Танымдық белсенділік көп түрлі тұлғалық қатынастардың қалыптасуымен тығыз байланысты. Шындықтың мәнді жақтарын бейнелеуге бағытталған танымдық белсенділік адамзатпен табылған танымның мөлшерін ашып, ғылыми ақиқатқа ену мүмкіндігімен тұжырымдалады. Танымдық іс–әрекеттің белгілі бір ғылым саласымен таңдаулы қатынасы, танымдық іс–әрекеті, оларға қатысу және қатысушылармен танымдық қарым–қатынасы маңызды келеді. Адамның барлық таным үрдістерін өз даму деңгейінен белсендендіруде танымдық белсенділік тұлғаның шындықты қайта құру іс–әрекеті нәтижесінде ұдайы ізденіске жетелейді.

Сонымен, танымдық белсенділік – оқушының дербестігін, әрбір баланың даралығын, оның одан әрі білім алудың жеке алғышарттарын дамытуды көздейтін маңызды тұлғалық қасиеті. Танымдық іс–әрекет, ең алдымен, баланың оқуға деген белсенді көзқарасын қалыптастыруға қабілетті пәндерді таңдауын қамтиды.

Педагогикалық құбылыс ретінде танымдық белсенділік екі жақты әрекет ете алады: бір жағынан бала өз іс–әрекетін өзі ұйымдастырады, ал екінші жағынан оқушының танымдық іс–әрекетін белсендіретін және ұйымдастыратын мұғалім, нәтижесінде мұғалімнің күш–жігерінің арқасында оқушының өзіндік танымдық белсенділігіне айналады. Танымдық белсенділіктің бұл екі түрі педагогикалық үрдісте бір–бірімен тығыз байланысты.

Жобалау әдісі оқу үрдісінде өте тиімді. Бұл әдісті қолданған кезде оқушылар қызығушылық танытып, өз қабілеттерін дамытып, іске асырғысы келетіні байқалады. Дұрыс ұйымдастырылған жобалау іс–әрекеті танымдық белсенділікті қалыптастыра алады және сол арқылы оқу процесін арттырады. Мұндай жұмыс қызықты, тиімді және нәтижелі.

Сонымен, жобаның тиімділігі – көзбен көріп, құлақпен естіп, есте сақтай отырып, оқушыны ізденіске, іскерлік пен танымдық белсенділікке, шығармашылық қабілетті жетілдіру арқылы түрлі мәселелерді шеше білуге, тапқырлыққа, жаңа ғылыми ізденіске жетелеуде. Міне, бұдан шығатын қорытынды: жобалық оқыту технологиясы оқушыларға терең де сапалы білім алуға кепіл бола алады.

Оқушылардың танымдық белсенділігі оқу үрдісінің тиімділігі мен нәтижелілігінің маңызды көрсеткіші болып табылады, өйткені ол оқушының даралығы мен дербестігін, оның белсенді позициясын дамытуға бағытталады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Тоқсанбаева Н.Қ. Оқыту процесі жүйесіндегі танымдық іс–әрекеттің құрылымы. А., 2001
2. Педагогика және психология: қазақша–орысша орысша–қазақша терминологиялық сөздік. А., 2000
3. Бахишева С.М. Педагогикалық жобалау: теориясы мен технологиясы: оқулық. А., 2011